тұрақты жұмыс орнына **7811** адам орналастырылды

Еуразиялық интеграция институты әзірлеген

Меншік иесі:
"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы

Президент
Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Вице-президент – бас редактор
Жанболат АУПБАЕВ

Вице-президент
Еркін ҚЫДЫР

● МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, "Егемен Қазақстан" газеті көшесі, 5/13. 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58 А.

АНЫҚТАМА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, Алматыда: 341-08-12.
БАЙЛАНЫС: Астанада: факс (7172) – 37-19-87, электронды пошта: egemenkz@mail.online.kz
egemenkz@mail.ru, egemenkz@mail.kz. Интернет-редакция: ekazakhstan@mail.ru
Алматыда: факс (727) – 341-08-12, электронды пошта – egemalm@mail.ru

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана – 8 (717-2) 37-61-21;
Ақтау – 8 (701) 593-64-78;
Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75;
Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70;
Атырау – 8 (712-2) 31-74-13;
Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91;
Қарағанды – 8 (721-2) 43-94-72;
Қостанай – 8 (714-2) 39-12-15;
Қызылорда – 8 (701) 772-70-74;
Орал – 8 (777) 496-21-38;
Өскемен – 8 (778) 454-86-11;
Павлодар – 8 (718-2) 68-59-85;
Тараз – 8 (726-2) 43-37-33;
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;
Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.

ЖАРНАМА-АҚПАРАТ БӨЛІМІ: Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, факс – 37-64-48, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 341-08-11, gulnurekkz@mail.ru

Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет мына қалалардағы:
010000, Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС,
050000, Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБК ЖШС,
100008, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Арко» ЖШС,
110007, Қостанай қ., Мәуленов к-сі, 16, «Қостанай полиграфия» ЖШС,
120014, Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 49, «Энергопромсервис» ПФ» ЖШС,
130000, Ақтау қ., 22-м/а, «Caspiy Print» ЖШС,
030010, Ақтөбе қ., Рысқұлов к-сі, 190, «А-Полиграфия» ЖШС,
060005, Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Ақпарат» ЖШС,
160000, Шымкент қ., Т.Әлімқұлов к-сі, 22, «Ernur print» ЖШС,
140000, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС,
150000, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 11, «Полиграфия» АҚ,
080000, Тараз қ., Төле би д-лы, 22, «ЖБО «Сенім» ЖШС,
090000, Орал қ., Достық-Дружба даң., 215 А, «WESTA» ЖШС,
040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32, «Офсет» баспаханасы,
070002, Өскемен қ., Абай д-лы, 20, «Печатное издательство-агентство Рекламный Дайджест» ЖШС баспаханаларында басылып шықты.

Газетті есепке қою туралы №01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Таралымы
203 394 дана.

Нөмірдің кезекші редакторы
Александр ТАСБОЛАТОВ.

Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында терілін, беттелді. Көлемі 13 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Тапсырыс 8921

Газет Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС-те басылды, тел. 99-77-77. Тапсырыс №509 ek

РЕСМИ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 21 қаңтар №12 Астана, Үкімет Үйі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындауға лицензия беру жөніндегі лицензиар мен техникалық реттеу және метрология салаларындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды белгілеу туралы

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2), 4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиар;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес техникалық реттеу және метрология салаларындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1598 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 4, 67-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы №12 қаулысына қосымша

Техникалық реттеу және метрология салаларындағы екінші санаттағы рұқсаттар

Р/с №	Рұқсат беру рәсімінің атауы	Рұқсаттың және жүзеге асыру үшін рұқсаттың болуы талап етілетін қызмет (әрекет) түрінің атауы
1	2	3
	3-сынып – «біржолғы рұқсаттар»	
1.	Метрологиялық бақылау саласындағы өлшемдерді орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау	Өлшемдерді орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау туралы куәлік
2.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер жүйесі тізілімінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерінде әзірленген және аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемесін тіркеу	Тіркеу нөмірлерімен өлшемдерді орындау әдістемесінің мұқаба парақтарындағы мөртабан таңбасы
3.	Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізілімінде өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесін тіркеу	Тіркеу нөмірі
	5-сынып – «жеке тұлғаларға кәсіптік қызмет үшін берілетін рұқсаттар»	
4.	Техникалық реттеу саласындағы сарапшы-аудитор аттестатын беру (сәйкестікті растау, тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу бойынша)	Техникалық реттеу саласындағы сарапшы-аудитор аттестаты (сәйкестікті растау, тауар шығарылған елді анықтау, аккредиттеу бойынша)
	6-сынып – «өнімге берілетін рұқсаттар»	
5.	Өлшем құралдарының үлгісін бекіту туралы сертификат беру	Өлшем құралдарының үлгісін бекіту туралы сертификат
6.	Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру	Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат
7.	Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттарды тіркеу	Шетел сертификаттарды тіркеу нөмірінің бедері
8.	Өлшем құралдарының үлгісін бекіту туралы сертификатты тіркеу	Өлшем құралдарының үлгісін бекітуді тану туралы сертификат
9.	Шетелде шығарылған стандарттық үлгіні қолдануға рұқсат ету	Шетелде шығарылған стандарттық үлгіні қолдануға куәлік беру
10.	Мемлекеттік стандарттық үлгіні бекіту	Мемлекеттік стандарттық үлгіні бекіту туралы сертификат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 28 қаңтар №22 Астана, Үкімет үйі

«Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенциядан туындайтын Қазақстан Республикасының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы № 1994 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенциядан туындайтын Қазақстан Республикасының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы № 1994 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 569-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция (бұдан әрі - Конвенция) бойынша Қазақстан Республикасындағы әкімшілік орган болып тағайындалсын».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 4 ақпан № 31 Астана, Үкімет Үйі

Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1299 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы №1299 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 74, 1082-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары мен нормалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 ақпандағы №31 қаулысына қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы №1299 қаулысымен бекітілген

Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 73, 77 және 78-баптарына сәйкес әзірленді және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері (бұдан әрі – қызметкерлер) мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу тәртібін айқындайды.

2. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлерге Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру шығындары мына адамдарға жүргізіледі:

1) қызметкерлерге (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарынан басқа) мынадай оқиғалар кезінде:

медициналық көрсеткіштер бойынша стационарлық емделуге бару мен кері қайту;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берілген жолдама негізінде медициналық тексеруге (куәландыруға) бару және кері қайту;

қызметі бойынша ауысуы;

Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11), 12), 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа қызметтен босатылуы;

2) арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарына мынадай оқиғаларда:

стационарлық емделуге бару мен кері қайту;

еңбек демалысына бару мен кері қайту;

Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11), 12), 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа қызметтен босатылуы;

3) қызметкерлердің отбасы мүшелеріне мынадай оқиғаларда:

қызметкердің қызметі бойынша ауысуы;

қызметкердің Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11), 12), 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа қызметтен босатылуы.

Қызметкерлердің отбасы мүшелері деп жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе біреуінің кәмелетке толмаған (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары; білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқитын 23 жасқа дейінгі (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; 18 жасқа дейін мүгедек болып қалған (асырап алған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) мүгедек балалары және жұбайының (зайыбының) мүгедек балалары; қызметкердің асырауындағы және онымен бірге тұратын жұбайының (зайыбының) ата-анасы түсініледі.

[illegible]

3. [illegible]

4. [illegible]

5. [illegible]

6. [illegible]

7. Жол жүру шығындарын өтеуді жүзеге асыру үшін қызметкер, арнаулы (әскери) оқу орнының курсанты оқиға аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қызметкерлер мен арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттары үшін – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметкердің отбасы мүшелері үшін – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) қажет болған жағдайда – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық емделуге не медициналық тексеруге (куәландыруға) жіберу үшін медициналық көрсеткіштерінің бар екендігі туралы көрсете отырып, қабылданған стационарлық емі не медициналық тексеруі (куәландыруы) туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы;

4) жол жүру құжаттары;

5) қызметкер қызметі бойынша ауысқан немесе босатылған жағдайда – мекеменің кадрлар бөлімшесінің анықтамасы;

6) қызметтен босатылған қызметкерлер, арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттары үшін [illegible]

сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банк құжаттарының көшірмелері;

7) қажет болған жағдайда – осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

8. Жол жүру шығындарын өтеу сомаларын төлеу осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген, дұрыс ресімделген құжаттар толық көлемде алынған күннен бастап банктік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

3. Жеке мүлікті тасымалдауға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі

9. Қызметкер қызметі бойынша ауысқан кезде (арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттарынан басқа), сондай-ақ Заңның 49-бабы 1-тармағының 4), 6), 7), 11), 12), 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа қызметтен босатылған кезде, оған салмағы он тоннаға дейінгі жеке мүлкін бұрынғы қызмет орнынан (тұрғылықты жерінен) жаңа қызмет орнына (тұрғылықты жеріне) дейін тасымалдау шығындары өтеледі.

10. Жеке мүлікті тасымалдау жөніндегі шығындарды өтеу баянаттың (өтініштің) (өтініш берушінің мәртебесіне қарай осы Қағидаларға 1 немесе 2-қосымшалар) және құжаттарды ресімдеу бойынша жұмсалған шығыстар, жүктерді жөнелту және жеткізу туралы ұсынылған құжаттар негізінде дұрыс ресімделген құжаттар толығымен алынған күннен бастап банктік 5 күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидаларына 1-қосымша

Кімге:_______________________________
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)

Шығындарды өтеуге арналған баянат

Сізден_______________________________
____
(оқиғаның түрі мен оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
_______________ маған жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.

Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. ____________
2. ____________
3. ____________
4. ____________
… ____________

_______________ _______________
(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса) қолы
______ жылғы «_____» __________
(жылы) (күні (айы)

Бастық: ______________ ______________ ______________
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты,әкесінің аты (құжатта бар болса)

Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидаларына 2-қосымша

Кімге:_______________________________
(шығындарды өтеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) басшысына)
Кімнен:_______________________________
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
_______________________________ тұратын
тел. _______________________________

Шығындарды өтеуге арналған өтініш

Сізден_______________________________ үшін
(оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
маған шығындарды өтеуді сұраймын.
Тиесілі соманы _______________________________
_______________________________ аударуды сұраймын
_______________ банктің № _______________ филиалы
Дербес немесе карт-шот _______________________________
Алушының ЖСН _______________
Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:
1. ____________
2. ____________
3. ____________
4. ____________
… ____________

____ жылғы «___» ________ Өтініш беруші _________ _______________
(күні) қолы (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Бастық: ______________ ______________ ______________
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидаларына 3-қосымша

Анықтама

_______________________________ берілді,
(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)
оған _______________________________
(емдеу мекемесі және оның орналасқан жері көрсетіледі)
____
(медициналық көрсеткіштері көрсетіледі)
_______________ медициналық көрсеткіштері бойынша
_____ жылғы «___»__________ _____ жылғы «____»__________ аралығында
_______________ көрсетілді.
(медициналық қызметтің түрі көрсетіледі)

Анықтама Қазақстан Республикасының аумағында жол жүру шығындарын өтеу үшін берілді.
М.О.
Дәрігерлік-консультациялық комиссияның төрағасы

____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 5 ақпан №32 Астана Үкімет Үйі

Инвестициялық омбудсменді тағайындау туралы

«Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Әсет Өрентайұлы Исекешев инвестициялық омбудсмен болып тағайындалсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 5 ақпан №39 Астана, Үкімет Үйі

«Отандық өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімін және оның терең қайта өңдеу өнімдерін сатып алуды, сондай-ақ оларды сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы №1106 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Отандық өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімін және оның терең қайта өңдеу өнімдерін сатып алуды, сондай-ақ оларды сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы №1106 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., №43, 512-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сатып алу және тауар интервенцияларын, сондай-ақ азық-түлік тауарларын сақтау, өңдеу, тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған сатып алу және тауар интервенцияларын, сондай-ақ азық-түлік тауарларын сақтау, өңдеу, тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесі бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген отандық өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімін және оның терең қайта өңдеу өнімдерін сатып алуды, сондай-ақ оларды сақтау, қайда өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сатып алу және тауар интервенцияларын, сондай-ақ азық-түлік тауарларын сақтау, өңдеу, тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесі».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2015 жылғы 11 ақпан №54 Астана, Үкімет үйі

Алматы облысының кейбір білім беру және спорт ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық- географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Мынадай білім беру және спорт ұйымдарына:

1) Қарасай ауданы «Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне – Жазкен Жиембаевтың;

2) Ақсу ауданы әкімдігінің «Өнер мектебі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына – Исатай Исабаевтың;

3) «Ақсу ауданы Әкімінің аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына - Молықбай Байсақұлының;

4) Ақсу ауданы Жансүгіров ауылындағы орталық стадионға – Есмұрат Сиқымовтың;

5) Көксу ауданы «Балпық би кентіндегі қазақ орта мектеп-гимназиясы» мемлекеттік мекемесіне – Қадырғали Қосымұлы Жалайыридің;

6) Іле ауданы «№ 22 орта мектеп» мемлекеттік мекемесіне – Тұрғанбек Қатаевтың есімдері берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

1) Ақсу ауданының білім бөлімі «Құрақсу орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Құдаш Мұқашев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Ақсу ауданының білім бөлімі «Қызылорақ орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Бижарас Садырбайұлы атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Жамбыл ауданы «Қарғалы №1 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік мекемесі – «Социалистік Еңбек Ері Құдыс Әбсәметов атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;

4) Көксу ауданы «Қазақстанның 10-жылдығы атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Рахметолла Толқымбекұлы атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;

5) Қаратал ауданы «Фрунзе атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп-гимназиясы» мемлекеттік мекемесі - «Бикен Римова атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп-гимназия» мемлекеттік мекемесі;

6) Қаратал ауданы «Дзержинский атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Рақымжан Қошқарбаев атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;

7) Қаратал ауданы «Тельман атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі «Көкдала орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

8) Еңбекшіқазақ ауданы «Түрген қазақ орта мектебі-мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Абыхан Жексембеков атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бұйрығы

2014 жылғы 11 қараша №91 Астана қаласы

«Орталық сараптау-тексеру Комиссиясы және орталық мемлекеттік және арнайы мемлекеттік мұрағаттардың сараптау-тексеру комиссиялары туралы ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 16 қарашадағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік-құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Орталық сараптау-тексеру комиссиясы және орталық мемлекеттік және арнайы мемлекеттік мұрағаттардың сараптау-тексеру комиссиялары туралы ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 16 қарашадағы № 348 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7343 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 20 қазандағы № 689-693 (27765) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орталық сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орталық сараптау-тексеру комиссиясы (бұдан әрі – ОСТК) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт (бұдан әрі – Министрлік) жанындағы құжаттардың құндылығына сараптама жасайтын және оларды Ұлттық мұрағат қорының құрамына енгізуге (шығаруға) байланысты ғылыми-әдістемелік мәселелерді қарастыратын, сонымен қатар, оның толықтыру көздерін белгілеуді жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. ОСТК құрамы Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

4. ОСТК құрамына: төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және Министрліктің, мемлекеттік, арнайы мемлекеттік, орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарынан, ғылым, оқу ұйымдардың өкілдері ОСТК мүшелері болып кіреді;

1) ОСТК төрағасы болып Министрліктің жетекшілік ететін вице-министрі табылады.

ОСТК төрағасының орынбасары Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының құрамынан тағайындалады;

2) ОСТК хатшысы Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің қатарынан тағайындалады, ОСТК қарастырылатын мәселелерді дайындауды қамтамасыз етеді.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мұрағат ісі және құжаттама департаменті ОСТК жұмыс органы болып табылады.».

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. ОСТК шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға ОСТК мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берілсе, қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жадғдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі. ОСТК мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, егер оны білдірсе, ол ОСТК хаттамасына қосымша ретінде жазбаша түрде берілуі қажет.

ОСТК шешімдері Министр бекіткен хаттамамен рәсімделеді.»

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мұрағат ісі және құжаттама департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде бекітілген заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күннің ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр А.МҰХАМЕДИҰЛЫ.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 8 желтоқсанда Нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №9937 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бұйрығы

2014 жылғы 28 қараша №158 Астана қаласы

Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға жеткізетін мұнай өнімдерінің тізбесін бекіту туралы

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңының 7-бабы 21-2) тармақшасына сәйкес **бұйырамын**:

1. Қоса берілген Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға жеткізетін мұнай өнімдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті белгіленген заңнама тәртібінде қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты ресми жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйеге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі Ұ.С. Қарабалинға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі В. ШКОЛЬНИК.

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрі
_____________ Б. Сұлтанов
2014 жылғы 18 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі
_____________ Е. Досаев
2014 жылғы 23 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі
_____________ И. Тасмағамбетов
2014 жылғы 11 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі
_____________ Қ. Қасымов
2014 жылғы 12 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
_____________ Н. Әбіқаев
2014 жылғы 5 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №158 бұйрығымен бекітілген

Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға жеткізетін мұнай өнімдерінің тізбесі

1. Бензин;
2. Дизель отыны;
3. Авиациялық отын (МемСТ 10227-86 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар»);
4. Мазут.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 23 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №10136 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бұйрығы

2014 жылғы 28 қараша №159 Астана қаласы

Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидасын бекіту туралы

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңының 7-бабы 21-1) тармақшасына сәйкес **бұйырамын**:

1. Қоса берілген Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидасы бекітілсін.

2. Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті белгіленген заңнама тәртібінде қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты ресми жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйеге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі Ұ.С. Қарабалинға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі В. ШКОЛЬНИК.

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрі
_____________ Б. Сұлтанов
2014 жылғы 18 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі
_____________ Е. Досаев
2014 жылғы 23 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі
_____________ И. Тасмағамбетов
2014 жылғы 11 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі
_____________ Қ. Қасымов
2014 жылғы 12 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
_____________ Н. Әбіқаев
2014 жылғы 5 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №159 бұйрығымен бекітілген

Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беру қағидасын бекіту туралы (бұдан әрі - Қағида) «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңы (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 21-1) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қағида Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерін беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

3. Қағидада келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) контрагенттер – өз мұқтажы үшін бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алатын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган;

2) мұнай өнімдері - жекелеген мұнай өнімдері: бензин, дизель отыны, авиациялық отын (МемСТ 10227-86 «Реактивтік қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар»), мазут;

3) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор (бірыңғай оператор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға мұнай өнімдерін сақтау және жеткізу қызметтерін көрсету негізгі қызмет мәні болып табылатын заңды тұлға;

4) өтінім – контрагенттің бірыңғай оператормен жасасқан шарты бойынша бірыңғай операторға мұнай өнімдерінің көлемін, түрін, беру орындарын, мерзімдерін және мұнай өнімдерін берудің басқа да жағдайларын көрсете отырып, бірыңғай операторға берілетін мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту туралы жазбаша өтініші;

5) жанар-жағар май құю станциясы – мұнай өнімдерін сақтауды және бөлшек сауда арқылы өткізуді қамтамасыз ететін, жабдықпен жарақтандырылған технологиялық кешен.

6) талон – сәйкестендіру сипаттамалары: сериясы, нөмірі, су белгісі белгілі бір қолданыс мерзімі көрсетілген қатаң есептегі бақылау құжаты, ол мерзім ішінде контрагент мұнай өнімдерін қабылдауды қамтамасыз етеді және оны көрсеткен кезде бірыңғай оператор контрагентке жанар-жағар май құю станциясында мұнай өнімін аталған құжатта көрсетілген атауы және көлемінде тапсырады;

7) талонды иеленуші – контрагент қызметкері (қызметшісі) немесе контрагент талонды (талондарды) тапсырған контрагенттің уәкілетті тұлғасы;

8) отын картасы – жанар-жағар май құю станциясында мұнай өнімдерін тапсыруды есептейтін жекелеген техникалық құралды білдіретін, енгізілген электронды микросызбасы бар, мұнай өнімдерінің аударылған көлемі туралы ақпараттан тұратын пластикалық карта, оның шегінде отын картасын иеленуші жанар-жағар май құю станциясында мұнай өнімін алуға құқылы;

9) отын картасын иеленуші – контрагент қызметкері (қызметшісі) немесе контрагентпен отын картасын тапсырған басқа уәкілетті тұлғасы;

10) дағдарысты жағдаят – мемлекетте немесе оның белгілі бір аумағында ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнуін алдын-алу және бейтараптандыру шараларының қолданыстағы жүйесі халықтың денсаулығы мен өмірін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, ішкі саяси тұрақтылық пен конституциялық қатардың негіздерін қорғау үшін жеткілікті болмайтын жағдайлар мен жағдаяттар жиынтығы;

11) әуежай – әуе кемелерін қабылдау және жөнелту, әуе тасымалдауына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсатта аэродром, аэровокзал, басқа қажетті құрылыстары мен жабдықтары бар құрылыс кешені;

12) бункерлеу – кеменің (әскери кеменің) қозғалысын қамтамасыз етуге конструктивтік тағайындалған сыйымдылықпен осы кемеге (әскери кемеге) отынды тасымалдау;

13) мұнай өнімдерінің базасы – мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау, тиеп-жөнелту және өткізуге арналған, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнама талаптарына сәйкес келетін технологиялық жабдықтар, резервуарлық парк, техникалық құрылғылар мен коммуникациялар енетін ғимараттар мен құрылыстар кешені;

14) резервуар – есепке алатын бақылау аспаптарымен жабдықталған, мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушіге немесе мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізушіге меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі мұнай өнімдері базасында не мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік объектілерінде мұнай өнімдерін қабылдауға, сақтауға, жөнелтуге және өткізуге арналған ыдыс;

15) мұнай өнімдерін беру – мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізу, оларды сақтау мен жеткізуді (тасымалдауды) қамтамасыз ету енетін мұнай өнімдерімен контрагенттерді қамтамасыз ету.

2. Мұнай өнімдерін беру тәртібі

4. Контрагенттерді осы Қағиданың шартттарына сәйкес мұнай өнімдерін беру аясында мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бөлшек саудада өткізу түрінде жүзеге асырылады.

5. Бірыңғай операторға мұнай өнімдерін берудің алдағы жоспарлы жылына дейінгі жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей осы Қағидамен көзделген Инкотермс-2010 базистік беру жағдайлары шегінде айлар, Қазақстан Республикасы аумағында беру орындары мен тұтыну көлемдеріне бөліп көрсете отырып, контрагенттер алдағы күнтізбелік жылға жоспарланған қажеттілік туралы мәліметтерді береді.

6. Бірыңғай оператор контрагентке алдағы күнтізбелік жылға мұнай өнімдерін берудің болжамды бағалары, оның ішінде мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізуге, мұнай өнімдерін сақтау және жеткізуді (тасымалдауды) қамтамасыз ету қызметтеріне бағалары туралы мәліметті мұнай өнімдерін берудің алдағы жоспарлы жылына дейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.

Қажеттілігіне қарай контрагенттер болжамды бағалар туралы қосымша мәліметті сұрата алады.

Мұнай өнімдерін беруге бірыңғай оператормен ұсынылған болжамды бағалар контрагенттердің алдағы қаржы жылына шығындарды жоспарлау үшін негіздеме болып табылады.

7. Мұнай өнімдерін берудің келесі түрлері қарастырылады:

1) бензинді, дизель отынын жанар-жағар май құю станциясынан талон немесе карточка жүйесі бойынша беру.

Бензинді және дизель отынын талон жүйесі бойынша беруді бірыңғай оператор мен контрагент арасында бірыңғай оператордың EXW-абоненттік секторы (Инкотермс - 2010) талаптарында жасасқан шартқа сәйкес белгіленген көлемі мен номиналында бірыңғай оператор контрагентке талондарды беру арқылы жүзеге асырылады. Белгілі бір атауы мен көлемінде, талонның номиналына сәйкес келетін мұнай өнімдерін алуды талон иелері талондардың жарамдылық мерзімі ішінде шарттың талаптарына сәйкес жанар-жағар май құю станцияларынан оларға талондарды беру кезінде жүзеге асырылады.

Карта жүйесі бойынша бензин мен дизель отынын беру бірыңғай оператордың EXW-абоненттік секторы (Инкотермс - 2010) талаптарында, сондай-ақ жасасқан шарттың өзге талаптарында бірыңғай оператордың контрагентке отын карталарын уақытша өтеусіз пайдалануға тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Карта жүйесі бойынша сатып алынатын мұнай өнімдері атауының көлемі шартпен белгіленген тәртіпте контрагент беретін отын картасын толықтыруға берілген өтінім негізінде отын картасына аударылады. Белгілі бір атауы мен отын картасына аударылған көлемнен аспайтын көлемде мұнай өнімдерін алуды отын картасының иелері шарттың талаптарына сәйкес жанар-жағар май құю станциясында олардың отын карталарын ұсыну кезінде жүзеге асырады.

Талондар мен отын карталары Қазақстан Республикасының барлық аумағында күнтізбелік тоқсан ішінде қолданылады. Талондардың жарамдылық мерзімі және отын карталарын толықтыру мерзімі күнтізбелік тоқсан күннен кем емес кезеңге ұзартылуы мүмкін;

2) бензинді, дизель отынын құю арқылы контрагенттің мұнай өнімдерін сақтау қоймасынан беру.

Бензинді, дизель отынын мұнай өнімдері базасынан құю арқылы беру кезінде контрагенттер осы Қағиданың 8-тармағында қарастырылған мерзімде бірыңғай операторға ұсынады;

3) мазутты бірыңғай оператордың және (немесе) Контрагенттің мұнай өнімдерін сақтау қоймасына (мұнай өнімдері базасы/резервуар) беру.

Мазутты беру контрагенттердің өтінімдері негізінде жүзеге асырылады, олар осы Қағиданың 8-тармағында көзделген мерзімде беріледі;

4) дизель отынын бункерлеу арқылы беру.

Дизель отынын кемелерді (әскери кемелерді) бункерлеу арқылы беру Каспий теңізінің акваториясында жүзеге асырылады. Дизель отынын бункерлеу арқылы беру кезінде контрагенттер бірыңғай операторға осы Қағиданың 8-тармағында көзделген мерзімде өтінімді ұсынады;

5) авиациялық отынды құю арқылы беру.

Бірыңғай оператор мен контрагент арасында жасасқан шартпен көзделген талаптарда бірыңғай оператор сақтау базасынан авиациялық отынды құю арқылы беруді жүзеге асырады.

Құю арқылы берген кезде, контрагенттер бірыңғай операторға беру базисін көрсете отырып, тиеп-жөнелтудің болжанған күніне дейін кемінде 20 жұмыс күні бұрын өтінімді ұсынады.

Контрагенттің сақтау базасына авиациялық отынды беру кезінде контрагент іс жүзінде берілген авиациялық отынның өтінім білдірілген көлемінен ықтимал ауытқушылықты авто- және/немесе теміржол цистерналарының калибрлеу нормалары шегінде қабылдайды. Сонымен қатар, толық берілмеген көлем тоқсанның (жартыжылдықтың, жылдың) қорытындысы бойынша бірыңғай өтінімге келтіріледі және шарттың талаптарына сәйкес берілуі тиіс;

6) авиациялық отынды әуе кемесіне құю арқылы беру.

Бірыңғай оператор әуе кемелеріне құюды Қазақстан Республикасының әуежайларында «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-45) тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық жанар-жағармай материалдары мен арнаулы сұйықтықтарды сақтаудың, құюға беруге дайындаудың және олардың сапасына бақылау жүргізу қағидасына сәйкес жүзеге асырады. Өтінімді ұсыну мерзімі шарттармен анықталады.

8. Осы Қағидада көзделген жағдайларда контрагенттер бірыңғай операторға мұнай өнімдерін тиеп-жөнелтудің болжанған күніне дейін кемінде 20 (жиырма) жұмыс күні бірыңғай операторға өтінімді ұсынады.

9. Бірыңғай оператордың өтінімдерді орындау тасымалдауға арналған цистерналардың калибрлеу нормаларына сәйкес жүргізіледі.

10. Төтенше және (немесе) дағдарысты жағдайлар туындаған кезде, бірыңғай оператор контрагенттерге, талондар мен отын карталарының иелеріне мұнай өнімдерін тиеп-жөнелтуді алдыңғы кезектегі тәртіппе жүзеге асырады. Контрагент бірыңғай операторға төтенше жағдайлар туындағаны туралы шұғыл түрде, мұнай өнімдерін тиеп-жөнелту басталғанға дейін хабарлайды.

11. Мұнай өнімдерін беру «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 4-бабы 36) тармақшасына сәйкес олармен мемлекеттік сатып алулар туралы шартын жасауды және берушіні таңдауды реттейтін мемлекеттік сатып алулар туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормалары қолданылмайтын мұнай өнімдерін беру туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

12. Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін беру туралы шарттары бір күнтізбелік жылдан аспайтын мерзімге жасасады.

13. Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін беру туралы шарттары Контрагентке бір күнтізбелік тоқсанның ішінде талап етілетін мұнай өнімдерінің көлеміне күнтізбелік жылдың соңына дейінгі жарамдылық мерзімімен тоқсан сайын жасасады.

14. Шарттың талаптары контрагенттің және бірыңғай оператордың келісімі бойынша осы Қағидаға қарама-қайшы келмейтін бөлігінде өзгертілуі мүмкін.

3. Баға белгілеу тәртібі

15. Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерінің құны «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңының 14-бабы 2-тармағына сәйкес белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізуге шекті бағаларға сәйкес белгіленген бірыңғай оператордың бағалары бойынша жүзеге асырылады.

16. Мұнай өнімдерін беру құнына мұнай өнімдерін беру туралы шарттарда көрсетілген мұнай өнімдерін жекізумен, оның ішінде мұнай өнімдерінің құны, сақтау қызметтері немесе бірыңғай оператордың мұнай өнімдерін жеткізуді (тасымалдау) қамтамасыз ету қызметтері, сондай-ақ көрсетілген тәсілмен мұнай өнімдерін берген жағдайда, кемелерді (әскери кемелерді) бункерлеу немесе әуе кемесіне жанармай құюмен байланысты байланысты шығындар енеді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 23 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №10142 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығы

2014 жылғы 21 қаңтар №20/34 Астана қаласы

Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі «Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы» № 406 қаулысына сәйкес **бұйырамын:**

1. Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.
2. Қайта өңдеу және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті (А.Б. Құсайынова) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.
3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр А.МАМЫТБЕКОВ.

Келісілген
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі Т. Дүйсенова
2014 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/34 бұйрығымен бекітілген

Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандарт (бұдан әрі - КС):
1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;
2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;
3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;
4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;
5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;
6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.
2. КС негізгі пайдаланушылары:
1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;
2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;
3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;
4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.
3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.
4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрін орындауға кәсіби дайындық дәрежесі;
2-2)	Практикалық стандартты тапсырмаларды шешу, қамырдың қалыптау кезінде сапасы мен нәтижесінің жауапкершілігі	Қамырды қалыптау кезінде тапсырылған тапсымаларды түзету іс-әрекеттері мен алгоритм құрылымының әдісін таңдау	Негізгі және қарапайым құралдардың, жабдықтардың қолдану үдерісінің білімі; еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін білу
3-1)	Қалыптан алынған бұйымдардың сапасын бақылауына қосатын іс-әрекеттің орындалуын түсіну	Тапсырманың орындалу шеңберінде жұмыс сапасы мен нәтижесінің жауапкершілігі	Негізгі және қарапайым құралдардың, жабдықтардың қолдану үдерісінің білімі; еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін білу

7-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі бисквит дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
4-1)	Практикалық стандартты тапсырмаларды шешу, қамырдың қалыптау кезінде сапасы мен нәтижесінің жауапкершілігі	Қамырды қалыптау кезінде тапсырылған тапсымаларды түзету іс-әрекеттері мен алгоритм құрылымының әдісін таңдау	Негізгі және қарапайым құралдардың, жабдықтардың қолдану үдерісінің білімі; еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін білу
4-2)	Қалыптан алынған бұйымдардың сапасын бақылауына қосатын іс-әрекеттің орындалуын түсіну	Тапсырманың орындалу шеңберінде жұмыс сапасы мен нәтижесінің жауапкершілігі	Еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерінің біліктілігі

Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 15-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7412 «Кондитер»
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51 шығарылым, тарау 4 «Кондитер өнеркәсібі»
БТБА бойынша кәсібі	Кондитер
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
1	1
2	2
3	3-5
4	6

2-кесте. Кондитердің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Кондитер өндірісі және фабрикалары, цех	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жарақат алу мүмкіншілігі	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
1	Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
2	Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (білімді ұйымдастыру базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	2 деңгейде тәжірибесі 1 жылдан кем емес
4	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білім және жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда практикалық тәжірибе (қосымша кәсіби дайындық немесе орта білімнен кейінгі білім)	3 деңгейде жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес

3-кесте. Кондитер орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Қамырды араластыру, бұлғау, белгілі бір қалыңдыққа дейін илеу, қамырға ұн шашу, дайын болған жартылай фабрикатты бөлу; түрлі қамыр түрлерін, кремдерді, салма, әзірлемелерді дайындау, өлшеу, белгіленген температура бойынша шикізатты өлшеу; формалардан жасалған пісірілген бисквитті пышақпен кесу, формалар мен бисквитті тазарту, жартылай фабрикаттарды жұмыс орнына жеткізу; шикі заттың, салманың, безендіру жартылай фабрикаттарды дайындау және тексеру, қамыр әзірлемелерін қалыптау; жағу машинкасын креммен немесе салмамен толтыру және оның жұмысын реттеу; шәрбатты қайнату сапасына бақылау - өлшеу құрылғыларының көрсеткіштері бойынша қадағалау; машина барабанына крем немесе салма салу, печеньелерді кассеттерге тасымалдағышпен беру, салманы, кремді илеу, мұздатқыш шкафта салқындату, тасымалдауышқа салу
2	Өрнегі күрделі печеньелерді дайындау процесін жүргізу, қаптарға қамырды толтыру және печеньелерді немесе пирожныйларды ыдысқа қолмен салу; сэндвичті машинада дайындау; кекстерді, рулеттерді, әртүрлі ассртиментегі печеньелерді, торттардың күрделі түрлерін және әртүрлі шикізаттан дайындалған пирожныйларды дайындау процесін қадағалау; ұн қамыры, сүзбе массасы немесе түрлі түсті өрнектері бар балмұздақ, ұсақ және орта бөлшекті суреттерден және кенеттен ұлттық түстерге рецепт бойынша ауыстыру; дайын болған бұйымдар салмағын тексеру; кондтер бұйымдарының рецептін құрасытру

(Соңы 16-бетте).

(Соңы. Басы 14-15-беттерде).

[illegible]

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұйрығы

2014 жылғы 15 тамыз №511 Астана қаласы

Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы

[illegible] сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мынадай нормативтік құқықтық актілерінің:

1) «Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындаудың кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 141 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылдың 23 сәуірінде № 7591 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» (2012 жылғы 26 мамырдағы № 269-273 (27347), 2012 жылғы 2 маусымдағы № 290-291 (27365), 2012 жылғы 16 маусымдағы № 324-329 (27403), 2012 жылғы 30 маусымдағы № 360-364 (27438), 2012 жылғы 11 шілдедегі 383-388 (27462)) газетінде жарияланған);

2) «Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 157 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылдың 23 сәуірінде № 7592 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» (2012 жылғы 12 мамырдағы № 231-235 (27309)) газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М. Бердалин):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімдік баспаларда және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйеде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр полиция генерал-лейтенанты Қ.ҚАСЫМОВ.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 511 бұйрығымен бекітілген

Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне сәйкес әзірленді және пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2. Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындау заңды күшіне енген сот үкімі, қаулысы, ұйғарымы (бұдан әрі - үкім) негізінде жүргізіледі.

3. Облыстар, Астана, Алматы қалалары және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық пробация қызметтері (бұдан әрі – Пробация қызметтері) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындайтын органдар болып табылады.

2. Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Пробация қызметінің функциялары

4. Пробация қызметтері:

1) қоғамдық жұмысқа және түзеу жұмыстарына тарту, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды орындау;

2) шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқына пробациялық бақылауды жүзеге асыру;

3) жазаны өтеу кейінге қалдырылған сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларын жалғыз тәрбиелейтін ер адамдардың мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру;

4) бас бостандығын шектеу жазасына сотталған адамдарға олардың тұрғылықты жері бойынша пробациялық бақылауды жүзеге асыру;

5) оларға қатысты сот пробациялық бақылау белгілеген адамдарға және сот әкімшілік қадағалау белгілеген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсету;

6) мемлекеттік наградалар мен оларға қоса берілген құжаттарды алып қою;

7) прокуратура бөліністерімен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

8) мынадай:

қоғамдық жұмыстардан қасақана жалтарған жағдайда қоғамдық жұмыстарға тартуды қамауға алумен ауыстыру;

қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін қоғамдық жұмыстарға тартумен не қамауға алумен, ал қылмыс үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда бас бостандығынан айырумен ауыстыру;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда бас бостандығын шектеудегі өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру;

қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталып, бақылаудан жасырынып жүрген және жазасын өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздестіру жариялау, оны тоқтату және бұлтартпау шарасын таңдау туралы;

бас бостандығын шектеуге және түзеу жұмыстарына сотталғандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату;

шартты түрде соттаудың күшін жою немесе пробациялық бақылау мерзімін ұзарту;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жою;

қамауда ұсталған мерзімді есепке алу;

[illegible]

шақыруы бойынша дәлелсіз себептермен келмеуі, белгіленген міндеттерді бұзғаны, жұмыс орны, тұрғылықты жері және Пробация қызметі тарапынан қандай ықпал ету шараларының қолданылғаны, оның оларға қалай ден қойғаны көрсетіледі. Ұсынымға сотталғанның жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездеме, сотталғанның түсініктемесі және өзге де құжаттар қоса беріледі.

50. Орналасқан жері белгісіз сотталғанға қатысты ұсынымда оның жазасын өтеуден жалтару мақсатында бой тасалағаны туралы қолда бар мәліметтер және бастапқы іздестіру іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі.

51. Тұрғылықты жерінен бой тасалаған, орналасқан жері белгісіз сотталғанға қатысты Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және оған іздестіру жариялау туралы осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа ұсыным енгізеді.

5-параграф. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды орындау тәртібі

52. Сот үкімінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Пробация қызметі күнтізбелік үш күн ішінде:

1) сотталғанның жұмыс орнын анықтайды және осы Қағидаға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымның әкімшілігіне сот үкімінің көшірмесін және хабарлама жолдайды;

2) белгілі бір қызмет түрімен айналысуға рұқсат берудің күшін жоюға құқылы органдарға сот үкімінің көшірмесін немесе оның куәландырылған үзіндісін және осы Қағидаға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынымхат жолдайды.

Жасалған қылмыстың (экономикалық қызмет саласында, экологиялық қылмыстар, қозғалыс пен көлікті пайдалану қауіпсіздігіне қарсы және тағы басқа) сипаты мен сот тыйым салған қызмет түріне қарай Пробация қызметі аталған құжаттарды белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға құжат беруді белгілейтін органдарға, қоғамдық бірлестіктерге (аңшылар мен балық аулаушылар, қоршаған ортаны қорғау қоғамы және тағы басқа) жолдайды;

53. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандар:

1) Пробация қызметіне жұмыс орны және тұрғылықты жері, олардың өзгергендігі, жұмыстан босатылғандығы туралы хабарлайды;

2) Пробация қызметінің шақыруы бойынша келеді.

54. Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі сот үкімі бойынша қосымша жазасы бар бас бостандығынан айыру түріндегі негізгі жазадан босатылған сотталғандарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі босатардан бір ай бұрын сотталғанның таңдаған тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне жазаны одан әрі орындау үшін куәландырылған сот үкімінің көшірмесін жолдайды.

Пробация қызметі негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі орындау үшін куәландырылған сот үкімінің көшірмесін алғаннан кейін тиісті қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне хабарлама жолдайды.

55. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жазасы бар бас бостандығынан айыру түріндегі қосымша жаза түрі өтелмеген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылған адамдардан қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оның таңдаған тұрғылықты жеріне келген күннен бастап бескүндік мерзімде Пробация қызметіне міндетті келу туралы қолхат алады.

56. Сотталғанның лауазымынан босатылғандығы немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылғандығы, сондай-ақ тыйым салынған қызметпен айналысуға құқық беретін құжаттарға рұқсат беруді жою немесе алып қою туралы ұйымнан немесе тиісті органнан келіп түскен хабарлама, осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылған сотталғандарды тіркеу журналына тиісті белгі қойылғаннан кейін сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

57. Пробация қызметі сотталғанды есепке қойғаннан кейін бір ай ішінде оны жұмыс орны бойынша, ұйым әкімшілігінің оның құқығынан айырылған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысуы бойынша сотталғанмен еңбек келісімшартын өзгерткендігін немесе тоқтатқандығын (егер сотталған бұл ұйымнан босап кетпесе), жаңа еңбек келісімшарты қандай лауазым (қызмет) бойынша жасалғандығын, сондай-ақ тиісті органның сотталғанға тыйым салынған қызметпен айналысу құқығын беретін рұқсатты тоқтатқандығын, құжатын алып қойғанын тексереді. Тексеру жүргізу нәтижелері туралы осы Қағидаға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада белгілі бір қызмет атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салынған үкімнің дұрыс орындалуын тексеру актісі жасалады. Бірінші дана ұйымда қалдырылады, екінші дана кәсіпорын әкімшілігінің танысқандығы туралы белгісімен Пробация қызметінде сақталады.

58. Сотталған бұрынғы жұмыс орнынан босатылған жағдайда Пробация қызметі сотталғанның босатылғандығы туралы хабарлама алған кезден бастап бір ай мерзімде:

1) сотталғанның жаңа жұмыс орнын анықтайды;

2) жаңа жұмыс орны бойынша осы Қағидаға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жолдайды;

3) сотталғанды жаңа жұмыс орны бойынша тексереді және оның лауазымын (қызмет түрін) анықтайды. Сотталғанды жұмыс орны бойынша тексерудің нәтижелері туралы анықтама жасалады және есепке алу журналына белгі қойылады.

59. Егер ұйымдардың лауазымды тұлғалары соттың заңды күшіне енген үкімін, шешімін немесе өзге де белгілі бір лауазымда атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы соттың актілерін орындамаған жағдайда, осы Қағидаға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пробация қызметі олардың атына ұсыным жолдайды.

60. Бақылауды жүзеге асыру мақсатында Пробация қызметі кемінде алты айда бір рет ұйым әкімшілігі мен сотталғанның сот үкімін орындау барысын тексереді, бұл жөнінде белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылған сотталғандарды есепке алу журналында тиісті белгі қойылады, сондай-ақ кемінде тоқсанына бір рет оны тұрғылықты жері бойынша тексереді.

61. Егер ұйымдардың лауазымды тұлғалары Пробация қызметінің ұсынымын алғаннан кейін сот үкімін орындамаса, Пробация қызметінің сот үкімін орындау жөніндегі бірнеше рет жасаған талаптарын елемесе, ұзаққа созса, өзге де әрекетке немесе әрекетсіздікке жол берсе, Пробация қызметі материалдарды қылмыстық істі қозғау туралы мәселені шешу үшін ІІО тергеу бөліністеріне жолдайды.

62. Сотталғанның сот үкімінің талаптарын бұзу фактісі анықталған жағдайда, Пробация қызметі онымен жеке әңгіме жүргізеді, түсініктеме алады.

63. Айыппұлға, бас бостандығын шектеуге, қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тартуға, сондай-ақ жаза өтеуді кейінге қалдыруға немесе шартты түрде соттауға тағайындалған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мерзімі сот үкімі заңды күшіне енген күнінен бастап есептеледі.

64. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға қосымша ретінде тағайындалған кезде, ол негізгі жаза түрінің барлық уақытын өтеу кезіне қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі қамауды, бас бостандығынан айыруды өтеу мерзімінен және Пробация қызметіне есепке қойылған күнінен бастап есептеледі.

65. Негізгі жаза ретінде белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сондай-ақ шартты түрде соттау кезіндегі жазаның атқарылуын ұйымдастыру осы Қағида талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

66. Жаза мерзімі аяқталған кезде сотталған есептен шығарылады.

6-параграф. Бас бостандығын шектеу сотталғандарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі

67. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу мерзімі Пробация қызметі заңды күшіне енген сот үкімін, қаулысын орындауға қабылдаған күннен бастап есептеледі.

68. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеп жатқандарға пробациялық бақылауды олардың тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

Сотталғанның оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеу міндеттерін орындауын бақылау үшін Пробация қызметі сотталғанмен бірге оның тұрғылықты жерінде болу кестесін құрады.

69. Пробация қызметі пробациялық бақылаудағы бас бостандығын шектеуге сотталған адамды есепке қою кезінде:

1) сотталғанның тұрғылықты жерін, денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылғандығын, сондай-ақ оған ұсынылатын әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

2) сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек беру, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ оның тіркелу үшін Пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сотталғанға сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін және мәжбүрлі еңбекті орындау, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібін түсіндіреді.

Бас бостандығын шектеуге сотталған әлеуметтік-құқықтық көмек алудан бас тартқан кезде тиісті акті ресімделеді.

70. Сотталғандарға пробациялық бақылау:

1) қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылықты және жаңа қылмыс жасағанын немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығын анықтауға ІІО-ның қолда бар есептері, сондай-ақ ҚСжАЕК аумақтық басқармаларының есептері бойынша сотталғандарды ай сайын тексеру;

2) сотталғандарға профилактикалық әңгімелер жүргізу үшін сотталғанды Пробация қызметіне шақыру (кемінде айына бір рет);

3) сотталғандардың мінез-құлқына және олардың сот жүктеген міндеттерін сақтауына, бірлескен профилактикалық іс-шараларын жүргізуге қатысты құқық қорғау және басқа да органдармен және мекемелермен тұрақты негізде ақпарат алмасу арқылы қамтамасыз етіледі.

71. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқудан бос бас бостандығын шектеуге сотталғандар жергілікті атқарушы органдармен белгіленген орындарда жылына екі жүз қырық сағаттан аспайтын мәжбүрлі еңбекке тартылады.

Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды мәжбүрлі еңбекке тартуды жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 57-59-баптарына сәйкес ұйымдастырады.

72. Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 73-бабын қолдану тәртібінде) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сотталғандарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі алдын ала (екі айдан кешіктірмей) Пробация қызметінен сотталғанның тұрғылықты жері бойынша сотталғанның қызмет көрсетілетін аумақта тұру (жұмысқа орналасу) мүмкіндігі туралы сұратады.

Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазамен ауыстырылған сотталғандарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі алдын ала Пробация қызметіне сотталғанды жібергендігі туралы хабарламаны және сот қаулысын жібереді.

Оны босатқан кезде бағыты мен есепке қою үшін Пробация қызметіне келу уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына бару туралы нұсқама береді, сондай-ақ Пробация қызметіне оған мінездеме беретін материалдарды жолдайды. Бұдан басқа, сотталғанға қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің мөрімен куәландырылған сот қаулысының көшірмесін береді.

73. Сотталған жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде бармаған жағдайда Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сотталғанның орналасқан жері анықталмаса, сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыным енгізеді.

74. Сот қосымша міндеттер жүктеген сотталғандарға қатысты Пробация қызметі тиісті ұйымдар мен мекемелерге хабарлама жолдайды.

75. Жазаны өтеу кезеңінде Пробация қызметі сотқа бостандығын шектеуге сотталған үшін бұрын белгіленген міндеттерінің күшін толық немесе ішінара жою туралы ұсыныс енгізеді.

76. Сотталғанды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру Пробация қызметінің келісімімен жүзеге асырылады.

77. ҚР ҚАК 67-бабының 1-тармағында көзделген жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзған сотталғандарға Пробация қызметі бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы жазбаша ескерту түрінде жаза қолданылады, ол осы Қағидаға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

78. Жазалау шараларын қолдану кезінде жасалған құқық бұзушылықтың мән-жайы, сотталғанның жеке басы мен оның теріс қылық жасағанға дейінгі мінез-құлқы ескеріледі. Тағайындалатын жаза сотталған жасаған теріс қылықтың сипаты мен ауырлығына сәйкес болуы тиіс.

79. ҚР ҚАК 67-бабының 2-тармағында көзделген жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзған сотталғанға қатысты Пробация қызметі ұсталған жері бойынша сотқа бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды.

Бас бостандығын шектеуді ауыстыру туралы ұсынымда сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы, қоғамдық тәртіпті бұзуы, сол уақыт ішінде Пробация қызметіне келмеген уақыты, оған қандай ықпал ету шаралары қабылданғаны, оның оған тигізген әсері, сондай-ақ еріксіз әкелудің бар-жоғы жөніндегі нақты фактілер көрсетіледі. Ұсынымда жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме, Пробация қызметкерлері қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы туралы баянаты, оның өмір салты, сотталғанның түсініктемесі және басқа да құжаттар ұсынылады.

7-параграф. Шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі

80. Пробациялық бақылау мерзімі ішінде шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылауды, олардың тұрғылықты жері, жұмыс және оқу орны бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

81. Пробация қызметі пробациялық бақылауда тұрған шартты түрде сотталған адамды есепке қойған кезде:

1) денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, сотталған адамның жеке басын зерделеуді жүргізеді, сондай-ақ оған ұсынылатын әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындауға қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

2) әлеуметтік-құқықтық көмекті ұсыну және оны алудан бас тарту, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тарту тәртібін түсіндіреді.

Бұдан кейін, осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде сотталған адамнан қолхат алынады, ол шартты түрде сотталған адамның бақылау ісіне тігіледі.

82. Пробация қызметінің қызметкері әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуден басқа, сот жүктеген міндеттерді шартты түрде сотталған адамның қалай орындайтынын бақылайды.

83. Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда, Пробация қызметі оның орналасқан жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

84. Шартты түрде сотталған адамға қосымша жаза ретінде қоғамдық жұмыстарға тарту және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған кезде Пробация қызметі осы жаза түрінің талаптарына сәйкес іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

85. Пробациялық бақылау мерзімі кезінде шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылау мақсатында Пробация қызметі:

1) шартты түрде сотталған адамдармен кемінде айына бір рет профилактикалық әңгімелесулер жүргізеді;

2) сотталғандар тарапынан қоғамдық тәртіпке, адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық және қайта қылмыс жасауына жол бермеуге шаралар қабылдайды;

3) ай сайын сотталғанды ІІО-ның есептері, сондай-ақ аумақтық ҚСжАЕК есептері бойынша өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағанына, жаңа қылмыстар жасағанына немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына тексеріс жүргізеді;

4) шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқына және оларға сот жүктеген міндеттердің сақталуына қатысты құқық қорғау және өзге де органдармен, мекемелермен ақпаратпен алмасуды, бірлескен профилактикалық іс-шаралар жүргізуді тұрақты негізде жүзеге асырады.

86. Егер шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі аяқталғанға дейін өзінің мінез-құлқымен түзелгенін дәлелдесе, онда белгіленген мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде Пробация қызметі осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа ұсыным енгізеді.

Ұсынымда шартты түрде сотталған адамның жеке басын, оның мінез-құлқын сипаттайтын деректер баяндалады және шартты түрде соттаудың күшін жою мен сотталған адамнан соттылықты алып тастау туралы мәселе қойылады.

87. Шартты түрде сотталған адам ҚР ҚАК 176-бабының 1-тармағында көзделген бұзушылықтарды жасаған кезде Пробация қызметі осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа пробациялық бақылаудың мерзімін ұзарту, ал кәмелетке толмағандарға қатысты алты айдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсыным енгізеді.

Бұған қоса, осы тармақта көрсетілген бұзушылықтарға қайта жол берген жағдайда осы Қағидаға 29-қосымшаға сәйкес шартты түрде сотталған адамға шартты түрде соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы жазбаша түрде ескерту шығарады.

88. Шартты түрде сотталған адам оған сот жүктеген міндеттерді орындамаған немесе ҚР ҚАК 176-бабының 1-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды қайта жасаған жағдайда, сондай-ақ ол пробациялық бақылаудан жасырынса, Пробация қызметі осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау, ал кәмелетке толмаған сотталғанға қатысты – пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсынымды жолдайды.

Ұсынымға шартты түрде сотталған адамның жұмыс орнынан, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен берілген мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің шартты түрде сотталған адамның мінез-құлқы, оның тұрмыс салты туралы баянаты, шартты түрде сотталған адамның түсініктемелері және басқа да құжаттар қоса тіркеледі.

89. Егер шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынған жағдайда, Пробация қызметі сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы тиісті ұсыным жолдайды.

90. Пробациялық бақылау сот үкімінде белгіленген барлық мерзім ішінде жүзеге асырылады. Пробациялық бақылау мерзімі өткеннен кейін Пробация қызметі шартты түрде сотталған адамды өз есебінен шығарады.

91. Пробациялық бақылау мерзімінің өтуі шартты түрде сотталған адамға іздестіру жариялау туралы сот қаулысының негізінде бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізуді бастаған кезден бастап тоқтатылады және сот қаулысы бойынша қайта басталады.

92. Пробациялық бақылау мерзімі сот үкімі заңды күшіне енген күнінен бастап есептеледі.

8-параграф. Бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын пробациялықбақылауды жүзеге асыру тәртібі

93. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқын бақылау босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша ІІО-ның полиция қызметкерлері жүзеге асырады.

94. ІІО шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды есепке қойғаннан кейін:

1) оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның Пробация қызметіне келуге міндеттейді;

2) сот қаулысының көшірмесін Пробация қызметіне жібереді.

95. Пробация қызметі:

1) сот қаулысының көшірмесін алғаннан кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды өзінің есебіне қояды;

2) денсаулық жағдайын, білім деңгейін, еңбекпен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, оның жеке басын зерделейді сондай-ақ оған ұсынылатын әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындауға қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

3) адамға әлеуметтік-құқықтық көмекті ұсыну тәртібін түсіндіреді.

96. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам айына кемінде бір рет Пробация қызметіне өзінің мінез-құлқы, тиісінше, алатын әлеуметтік-құқықтық көмегі туралы есеп беру үшін келеді.

9-параграф. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылған сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ер адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

97. Сотталған босатылған күні қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне босатылған күнін көрсете отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы сот қаулысының көшірмесін жолдайды.

Пробация қызметі сотталған келген соң үш жұмыс күні ішінде оны есепке алуға, босатылған орны бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен оны сипаттайтын материалдарды сұратуға және одан әрі оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

98. Есепке қою кезінде Пробация қызметі сотталғанмен әңгімелесу жүргізеді, әңгімелесу барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары, оны орындамаған кездегі салдары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны, жаңа қылмыс жасағаны, сондай-ақ баласын тәрбиелеу мен оны күтуден жалтарғаны үшін жауапкершілігі түсіндіріледі, ол туралы осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, ол сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

Бұған қоса, сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер және оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланады және тексеріледі. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол қолхатпен қоса сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

Сотталғанды есепке қоюмен қатар баланың тәрбиеленуін және оның күтуілуін бақылауды қамтамасыз етуде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары хабардар етіледі. Пробация қызметі қызметкерлері қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен бірлесіп, тоқсан сайын тұрғылықты мекенінің жай-күйіне тексеру жүргізеді, бұл туралы үш данада акт жасалады, бір данасы сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

99. Сотталғанды жұмысқа орналастырған жағдайда Пробация қызметі оның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне осы Қағидаға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жолдайды.

100. Сотталған босатылған күнінен бастап екі апталық мерзімде келмеген жағдайда, Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын өткізеді және егер сотталғанның болу орны анықталмаған жағдайда, сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы ұсыным енгізеді.

101. Сотталғандардың жазаны өтеуін кейінге қалдыру шарттарының сақталуын бақылау мақсатында Пробация қызметі:

1) сотталғандармен, олардың туыстарымен және оларға оң ықпал ете алатын адамдармен профилактикалық әңгімелер жүргізеді, сотталғаннан жол берген бұзушылықтарының себептері туралы түсініктеме алады. Олардың тарапынан баланы тәрбиелеу мен оны күту міндеттерінен жалтаруының, қоғамдық тәртіп бұзушылықтар мен қайталап қылмыс жасауының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

2) сотталғанның мінез-құлқын, олардың өмір салтын және баланы тәрбиелеуге қатынасын бақылау үшін өзге де іс-шараларды жүргізеді;

3) сотталғандардың баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару, тұрғылықты жері бойынша теріс мінездеу фактілері анықталған жағдайда, қажетті ақпараттар жинақталады және тиісті іс-шаралар жүргізу үшін ІІО-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністеріне жолданады, құжаттардың көшірмесі бақылау ісіне қоса тігіледі.

102. Сотталғандардың жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттарын сақтамауы мыналар:

1) әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзу;

2) баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару болып табылады.

103. Осы Қағиданың 102-тармағында көрсетілген кез-келген бұзушылықтар анықталғаннан кейін Пробация қызметі қызметкері сотталғанды шақырады, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан жол берген бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, профилактикалық әңгімелесу жүргізеді және осы Қағидаға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша ескерту жариялайды.

104. Егер сотталған баласынан бас тартса, не баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса, не бақылаудан жалтарса, немесе екі рет жазбаша ескертуден кейін қоғамдық тәртіпті бұзуды жалғастырса, Пробация қызметі сотталғанның тұрғылықты жері бойынша сотқа жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою және сотталғанды сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыным енгізеді. Ұсынымға жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы сот актісінің көшірмесі және сотталғанның баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, басқа да құжаттар қоса беріледі.

Жаза өтеуді кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала өлген не жүктілік үзілген жағдайларда (Қазақстан Республикасы ҚК 74-бабының 3-бөлігі) оны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы мәселелерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс-жүргізу кодексінің 476-бабының 10) тармақшасына сәйкес сотталғанның тұрғылықты жері бойынша аудандық және оған теңестірілген сот шешеді.

105. Егер сотталған бақылаудан жасырынған болса, Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады.

106. Сот үкімінде көрсетілген кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала өлген жағдайда не жүктілік үзілген жағдайда, сотталғанның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі оның мінез-құлқын, баланы тәрбиелеуге қатынасын ескере отырып, осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанды жазасының қалған бөлігін өтеуден босату туралы не жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы, не оны қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне жіберу туралы сотқа ұсыным жолдайды.

Ұсынымда сотталғанның жеке басын, мінез-құлқын және жазаны өтеуді кейінге қалдырған кезінде оның баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректері келтіріледі, сот актісімен тағайындалған жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдері көрсетіледі. Ұсынымға жұмыс орнынан мінездеме және басқа да құжаттар қоса беріледі.

10-параграф. Сот әкімшілік қадағалау белгіленген адамға қатысты бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандармен жұмысты ұйымдастыру

107. ІІО сот әкімшілік қадағалау белгілеген адамды есепке қойғаннан кейін:

1) оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның Пробация қызметіне келуін қамтамасыз етеді;

2) сот қаулысының көшірмесін Пробация қызметіне жібереді.

108. Пробация қызметі:

1) сот қаулысының көшірмесін алғаннан кейін, әкімшілік қадағалау белгіленген адамды өзінің есебіне қояды;

2) денсаулық жағдайын, оның білім деңгейін, еңбекпен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, оның жеке басын зерделейді, сондай-ақ оған ұсынылатын әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындауға қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

3) әлеуметтік-құқықтық көмекті ұсыну тәртібін түсіндіреді.

11-параграф. Кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты жазаларды орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

109. Пробация қызметінің қызметкерлері:

1) кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша жеке профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

3) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

4) олардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыстарды ескерту мақсатында, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

110. Пробация қызметі:

1) есепке қою кезінде:

кәмелетке толмағандарға ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің, қажет болған жағдайда – психолог немесе ұстаздың қатысуымен, алғашқы профилактикалық әңгімелер жүргізуге;

жазаны өтеу шарттарын және тәртібін түсіндіруге;

кәмелетке толмағанның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ететін адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді нақтылауға міндетті.

Кәмелетке толмағанмен әңгімелесу жүргізгеннен кейін осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, жүргізілген әңгімелесу нәтижесінде анықтама толтырылып, кәмелетке толмағандардың жеке немесе бақылау ісіне тігіледі. Қолхатта және әңгімелесу анықтамасында кәмелетке толмағанның және оның жақын туысының немесе әңгімелесу жүргізу кезінде қатысқан адамның қолы болуы тиіс;

2) кәмелетке толмағанды есепке қойған күні бір тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, есепте тұрған адамның жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігіне, сондай-ақ әскери басқарманың жергілікті органына (әскерге шақырылуға жататын жасөспірімдерге қатысты) хабарлайды, осы Қағидаға 42, 27-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолдайды;

3) іздестіруде жүрген кәмелетке толмағандар ұсталған кезде, сұрау жүргізу және сотталғанның жаза өтеуден жалтарауына мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды анықтау үшін тез арада ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін шақыртады;

4) қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілдерімен бірлесіп, тоқсан сайын акт жасай отырып, кәмелетке толмағандардың тұрған үй жағдайын зерттеп-қарауды жүргізеді.

111. Пробация қызметі кәмелетке толмағандар арасында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды ескерту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ай сайын кәмелетке толмағанның мекенжайына, оқу немесе жұмыс орнына барады, ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен онымен профилактикалық сипаттағы әңгімелесу өткізеді;

2) сотталғандар жол берген қандай да бір құқық бұзушылықпен байланысты мән-жайларды анықтау үшін, кәмелетке толмағанның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін, сондай-ақ басқа адамдарды шақырады;

3) жеткіншектің құқық бұзушылық немесе қылмыс жасау фактісі бойынша кәмелетке толмағаннан, оның ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен түсініктеме талап етеді;

4) ата-аналарының кәмелетке толмағандармен бірге спирттік ішімдіктер ішу жөніндегі фактілері анықталған жағдайда, егер ата-аналары кәмелетке толмаған тарапынан қандай да бір құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызған жағдайда, Пробация қызметі ІІО-ға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарға мәлімет үшін хабарлама жолдайды, хабарламаның көшірмесін сотталғанның жеке ісіне тігеді;

5) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының лауазымды тұлғаларынан кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ жеке ісіне қоса тігу үшін қажетті ақпараттарды сұратады.

112. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау кезінде Пробация қызметі кәмелетке толмағандар үшін қолынан келетін жұмыстарды ескеру қажет. Қоғамдық жұмыстар олардың оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындалады. Бұл жаза түрінің ұзақтығы он алты жасқа дейінгі адамдар үшін күніне екі сағаттан, ал он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспайды.

12-параграф. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға ұсыну тәртібі

113. Бас бостандығын шектеуге сотталғандар және түзеу жұмыстарына сотталған кәмелетке толмағандар заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде Пробация қызметі:

1) бес күндік мерзімде жазбаша түрде сотталғанға сотқа жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтініш беру құқығының келгені туралы осы Қағидаға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлайды;

2) сотталған жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтініш бергеннен кейін он күннің ішінде сотқа тиісті материалдарды қоса бере отырып, оны сотқа жібереді, сондай-ақ заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорды жазбаша нысанда хабардар етеді;

3) сотталғанның жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру және кешірім жасау туралы өтінішіне оның жеке басын, мінез-құлқын сипаттайтын деректерді қоса ұсынады.

114. Сот бас тартқан жағдайда, көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша қайта өтінішхат бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін енгізіледі.

115. Сотқа барлық құжаттар екі данада дайындалады.

13-параграф. Бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

116. Пробация қызметі қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қатысты іздестіру жөніндегі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді.

117. Іздестіру жөніндегі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізу кезінде Пробация қызметінің қызметкері:

1) сотталғанның байланыстары және оның ықтимал орналасқан жері туралы мәліметтерді немесе сотталғанды іздестіруге мүмкіндік туғызатын өзге де деректерді білетін туыстарынан, көршілерінен және басқа да азаматтардан сұрау жүргізеді;

2) сотталғанның жұмыс жасаған ұйымы, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органы арқылы оның ықтимал орналасқан жері, мекенжай-анықтама бюросы арқылы тіркелген орнын, нақты тұрғылықты жерін анықтайды;

3) ІІО-ның есептері бойынша қамауға алынғандардың, сотталушылардың, тұрғылықты жері, құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-тарату орындарында ұсталғандардың арасында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында, сондай-ақ медициналық мекемелердің, мәйітханалардың, жазатайым оқиғаларды тіркеу бюроларының есептері бойынша бой тасалаған адамды анықтау мақсатында тексеруді жүзеге асырады;

4) іздестірудегі адамды оның туыстары мен таныстарының тұрғылықты жері бойынша анықтау үшін ІІО-ға және басқа өңірлердегі Пробация қызметтеріне сұрау салу жолдайды.

118. Егер бастапқы іздестіру іс-шаралары нәтижесінде сотталғанның орналасқан жері анықталмаған жағдайда, осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пробация қызметі іздестіру жариялау және бұлтартпау шараларын қолдану мәселесін қоя отырып, соттың үкімімен тағайындалған шартты түрдегі жазаны, жаза өтеуді кейінге қалдыруды өзгерту, қоғамдық жұмыстарын қамауға, түзеу жұмыстарын қоғамдық жұмыстарға не қамауға, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды сотқа жолдайды.

119. Өзгерту және ауыстыру, іздестіру туралы ұсынымға үкімнің көшірмесі, үкім заңды күшіне енгендігі туралы анықтама, бастапқы іздестіру іс-шараларының көшірмелері, жазаның өтелмеген мерзімі туралы анықтама қоса беріледі. Материалдың бір данасы шешім қабылдау үшін сотқа жолданады, материалдың екінші данасы сотталғанның ісіне тігіледі.

120. Сотталғанды іздестіруге жариялау туралы сот қаулысын алған күні, одан әрі іздестіру үшін бастапқы іздестіру іс-шаралары материалдарының көшірмелері криминалдық полиция қызметіне жолданады.

121. Сотталғанның тұрғылықты жерін анықтаған соң, Пробация қызметі оған қатысты іздестіруді тоқтату туралы мәселені қоя отырып, осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соттың үкімімен тағайындалған шартты түрдегі жазаны, жаза өтеуді кейінге қалдыру, қоғамдық жұмыстарын қамауға, түзеу жұмыстарын қоғамдық жұмыстарға не қамауға, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды сотқа жолдайды.

14-параграф. Сотталғандарды Пробация қызметінің есебінен шығару тәртібі

122. Сотталғанды Пробация қызметі есебінен шығаруды растайтын негізгі құжаттар:

1) түзеу жұмыстарының, қоғамдық жұмыстарының, бас бостандығын шектеу жазаларының өтелмеген мерзімін өзге жазамен ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

2) шартты түрде соттаудың күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

3) жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

4) сотталған адамды босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

5) үкімнің күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

6) психиканың бұзылуы, ауыр дерт немесе І немесе ІІ топтағы мүгедек деп тану салдарынан сотталғанды босату туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

7) бас бостандығын шектеу жазасынан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

8) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;

9) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енгені туралы өкімімен бірге сот үкімінің көшірмесі;

10) сотталғанның қайтыс болғаны туралы куәлік;

11) жаңа тұрғылықты жері бойынша сотталғанның жеке және бақылау істерін алынғаны және Пробация қызметіне есепке қойғаны туралы хабарлама;

12) сотталғанның келгені және есепке қойылғаны туралы әскери бөлімнің хабарламасы.

123. Қоғамдық және түзеу жұмыстарына тарту түріндегі жазаларды өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған адамдарға осы Қағидаға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама беріледі.

124. Шартты түрде сотталған адамдарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату Пробация қызметіне тиісті құжаттар келіп түскен күні жүргізіледі.

125. Жазасын өтеуді кейінге қалдыру арқылы сотталған адамды есептен шығару сот ұйғарымы, қаулысы келіп түскен күні жүргізіледі.

126. Сотталғанды есептен шығару күні осы Қағидаға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІІО көші-қон полициясы бөліністеріне, сондай-ақ осы Қағидаға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметке шақырылуға жататын адамға қатысты жергілікті әскери басқару органына хабарлама жолданады.

127. Қоғамдық және түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеуді жазалаудың басқа

(Жалғасы 17-бетте).

(Жалғасы. Басы 16-бетте).

түріне ауыстыруға, шартты соттаудың және жазаны атқару мерзімін кейінге қалдырудың күшін жоюға, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттауға байланысты сотталғанды есептен шығару заңды күшіне енген сот шешімдері негізінде оларды алған күні жүргізіледі.

128. Сотталғанды есептен шығару күні мен негізі туралы сотталғандарды есепке алу журналында, жеке ісіне және бақылау ісіне қоғамдық және түзеу жұмыстарына сотталғандарды есепке алу карточкасына белгі жасалады. Есептен шығарылған сотталғандардың жеке және бақылау істері мұрағатқа жөнелтіледі.

129. Жаза өтеу мерзімі аяқталғанға дейін Пробация қызметі қызмет көрсететін аумақтан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты кеткен адамдарға жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне хабарлама жолданады. Егер Пробация қызметінің тұрғылықты жері белгісіз болса, хабарлама тиісті облыстың Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне (бұдан әрі - ҚАЖД) орындау үшін жолданады.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 24 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №9896 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бұйрығы

2014 жылғы 6 қараша №223 Астана қаласы

«Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медицина техникасының айналысы саласында инспекциялауды жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 19 қарашадағы № 742 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 7-бабы 1-тармағының 71) тармақшасына сәйкес және инспекциялау рәсімін жетілдіру мақсатында **бұйырамын:**

1. «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медицина техникасының айналысы саласында инспекциялауды жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 19 қарашадағы №742 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5942 болып енгізілді, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдары актілер жинағында 2010 жылғы №7 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:
Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медицина техникасының айналысы саласында инспекциялауды жүргізу ережесінде:
38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«38. Қызмет объектісі мәлімделген мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмейді деп танылған инспекциялау субъектісі инспекциялауға анықталған ауытқулар жойылғаннан және жүргізілген түзету және алдын алу іс-шаралары бойынша ақпарат ұсынылғаннан кейін жалпы негіздерде өтініш береді.».
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;
3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметік даму вице-министрі С.Р.Мусиновқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т. ДҮЙСЕНОВА.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 8 қарашадағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №9864 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығы

2014 жылғы 21 қараша № 20/35 Астана қаласы

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартты бекіту туралы

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі «Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы» № 406 қаулысына сәйкес, **бұйырамын:**

1. Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандарт бекітілсін.
2. Егіншілік департаменті (А.А. Буць) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.
3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр А.МАМЫТБЕКОВ.

Келісілген
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т. Дүйсенова
2014 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/35 бұйрығымен бекітілген

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандарт (бұдан әрі - КС):
1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;
2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;
3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;
4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;
5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;
6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.
2. КС негізгі пайдаланушылары:
1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;
2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;
3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;
4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.
3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.
4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрін орындауға кәсіби дайындық дәрежесі;
2) біліктілік деңгейі\білікті деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;
3) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;
4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;
5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттілікпен құрылған кәсіби қызмет саласындағы құрамдас бөлік;
6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;
7) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграцияланған негізі (ұқсас және жуық мәндер, объектілер, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) және еңбек функцияларының ұқсас жиынтығын және оларды орындау үшін құзыреттілікті көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;
8) КС – нақты кәсіби қызмет саласындағы еңбек сапасы мен жағдайы, біліктілігі, құзыреттілігі, мазмұны деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
9) КС бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, тиісінше автономды және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;
10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;
11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қабілеті;
12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;
13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;
14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының жалпылығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;
15) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;
16) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;
17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіби қызметтер саласының шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын еңбек қызметінің түрінің еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 01.11 Дәнді дақылдарды (күрішті қоспағанда), бұршақты және майлы дақылдарды өсіру, 01.16 Талшықты иіру дақылдарын өсіру, 01.29 Өзге көп жылдық дақылдарды өсіру, 01.63 Өнімді жинағаннан кейінгі ауыл шаруашылық қызмет түрлері.
6. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: мақта саласын дамыту, ғылыми негізделген технологияларды енгізу, техникалық реттеу және мақта шаруашылығын индустрияландыру, оны тоқыма және тамақ өнеркәсібімен біріктіру негізінде мақтаның бәсекеге жарамдылығын арттыру.
КС мақта шаруашылығы кәсіби қызметі саласында еңбек заттарына, сапасына, жағдайына, қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.
7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.
Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

мақтаны түсіру жөніндегі маман;	линтерлік жабдықтың операторы;
шикізат пен талшықты баспақтаушы;	джин жабдығының операторы;
шикізатты тиеуші;	кептіргіш жабдықтың операторы;
шикізат пен талшықты сұрыптаушы;	мақта тұқымдарын дәрілеуші;
құрал-жабдықты тазалаушы;	технологиялық жабдықтың жөндеушісі.

3. Еңбек қызмет (кәсіп) түрлерінің карточкасы
1-параграф. Мақтаны түсіру жөніндегі маман

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.
9. Лауазымның мүмкін атаулары: мақтаны түсіру жөніндегі маман.
10. «Мақтаны түсіру жөніндегі маман» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: өңделмеген мақтаны түсіру және оны тасымалдағышқа жіберу.
11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
12. Мақтаны түсіру жөніндегі маманның еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
13. Еңбек функцияларын айқындайтын, мақтаны түсіру жөніндегі маман орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
14. Мақтаны түсіру жөніндегі маманның орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
15. Мақтаны түсіру жөніндегі маманның құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

2-параграф. Шикізат пен талшықты баспақтаушы

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.
17. Лауазымның мүмкін атаулары: шикізат пен талшықты баспақтаушы.
18. «Шикізат пен талшықты баспақтаушы» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: мақтаны баспақтау.
19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
20. Шикізат пен талшықты баспақтаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
21. Еңбек функцияларын айқындайтын, шикізат пен талшықты баспақтаушы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
22. Шикізат пен талшықты баспақтаушының орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
23. Шикізат пен талшықты баспақтаушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

3-параграф. Шикізатты тиеуші

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.
25. Лауазымның мүмкін атаулары: шикізатты тиеуші.
26. «Шикізатты тиеуші» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: өңделмеген мақтаны тиеу.
27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
28. Шикізатты тиеушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
29. Еңбек функцияларын айқындайтын, шикізатты тиеуші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
30. Шикізатты тиеушінің орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
31. Шикізатты тиеушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

4-параграф. Шикізат пен талшықты сұрыптаушы

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.
33. Лауазымның мүмкін атаулары: шикізат пен талшықты сұрыптаушы.
34. «Шикізат пен талшықты сұрыптаушы» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: шикізатты сұрыптау.
35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
36. Шикізат пен талшықты сұрыптаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
37. Еңбек функцияларын айқындайтын, шикізат пен талшықты сұрыптаушы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
38. Шикізат пен талшықты сұрыптаушының орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
39. Шикізат пен талшықты сұрыптаушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

5-параграф. Құрал-жабдықты тазалаушы

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.
41. Лауазымның мүмкін атаулары: құрал-жабдықты тазалаушы.
42. «Құрал-жабдықты тазалаушы» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: кептіру-тазалау цехін тазарту.
43. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
44. Құрал-жабдықты тазалаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
45. Еңбек функцияларын айқындайтын, құрал-жабдықты тазалаушы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
46. Құрал-жабдықты тазалаушының орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
47. Құрал-жабдықты тазалаушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

(Жалғасы 20-бетте).

(Жалғасы. Басы 19-бетте).

6-параграф. Линтерлік жабдықтың операторы

48. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.
49. Лауазымның мүмкін атаулары: линтерлік жабдықтың операторы.
50. «Линтерлік жабдықтың операторы» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: линтерлерде тұқымдарды линтерлеу процесін жүргізу.
51. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
52. Линтерлік жабдықтың операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
53. Еңбек функцияларын айқындайтын, линтерлік жабдықтың операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
54. Линтерлік жабдықтың операторының орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
55. Линтерлік жабдықтың операторы құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

7- параграф. Джин жабдығының операторы

56. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.
57. Лауазымның мүмкін атаулары: джин жабдығының операторы.
58. «Джин жабдығының операторы» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: өңделмеген мақтаны джиндеу үдерісін жүргізу.
59. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
60. Джин жабдығының операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
61. Еңбек функцияларын айқындайтын, джин жабдығының операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 8-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
62. Джин жабдығының операторының орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 8-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
63. Джин жабдығының операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

8-параграф. Кептіргіш жабдықтың операторы

64. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.
65. Лауазымның мүмкін атаулары: кептіргіш жабдықтың операторы.
66. «Кептіргіш жабдықтың операторы» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: дымқыл шикізат бауларын кептіру бойынша жұмысты орындау.
67. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 9-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
68. Кептіргіш жабдықтың операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
69. Еңбек функцияларын айқындайтын, кептіргіш жабдықтың операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 9-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
70. Кептіргіш жабдықтың операторының орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 9-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
71. Кептіргіш жабдықтың операторы құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

9-параграф. Мақта тұқымдарын дәрілеуші

72. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.
73. Лауазымның мүмкін атаулары: мақта тұқымдарын дәрілеуші.
74. «Мақта тұқымдарын дәрілеуші» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: мақта екпе тұқымдарын дәрілеу.
75. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 10-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
76. Мақта тұқымдарын дәрілеушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 10-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
77. Еңбек функцияларын айқындайтын, мақта тұқымдарын дәрілеуші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 10-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
78. Мақта тұқымдарын дәрілеушінің орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 10-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
79. Мақта тұқымдарын дәрілеушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 10-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

10-параграф. Технологиялық жабдықтың жөндеушісі

80. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.
81. Лауазымның мүмкін атаулары: технологиялық жабдықтың жөндеушісі.
82. «Технологиялық жабдықтың жөндеушісі» кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: құрал-жабдықты реттеу және оған ағымдағы жөндеу жасау.
83. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 11-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.
84. Технологиялық жабдықтың жөндеушісінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 11-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.
85. Еңбек функцияларын айқындайтын, технологиялық жабдықтың жөндеушісі орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 11-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.
86. Технологиялық жабдықтың жөндеушісінің орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 11-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.
87. Технологиялық жабдықтың жөндеушісі құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 11-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

4. КС әзірлеушілері

88. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.
89. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 12 - қосымшасында көрсетілген.

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 1-қосымшасы

Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгейлері
1.	Мақта шаруашылығы қызметі	Мақтаны түсіру жөніндегі маман	Мақтаны түсіру жөніндегі маман	3
2.	Мақта шаруашылығы қызметі	Шикізат пен талшықты баспақтаушы	Шикізат пен талшықты баспақтаушы	2-4
3.	Мақта шаруашылығы қызметі	Шикізатты тиеуші	Шикізатты тиеуші	2-3
4.	Мақта шаруашылығы қызметі	Шикізат пен талшықты сұрыптаушы	Шикізат пен талшықты сұрыптаушы	2-3
5.	Мақта шаруашылығы қызметі	Құрал-жабдықты тазалаушы	Құрал-жабдықты тазалаушы	2-3
6.	Мақта шаруашылығы қызметі	Линтерлік жабдықтың операторы	Линтерлік жабдықтың операторы	3
7.	Мақта шаруашылығы қызметі	Джин жабдығының операторы	Джин жабдығының операторы	3
8.	Мақта шаруашылығы қызметі	Кептіргіш жабдықтың операторы	Кептіргіш жабдықтың операторы	3
9.	Мақта шаруашылығы қызметі	Мақта тұқымдарын дәрілеуші	Мақта тұқымдарын дәрілеуші	3
10.	Мақта шаруашылығы қызметі	Технологиялық жабдықтың жөндеушісі (мақта және тінті дақылдарын алғашқы өңдеу)	Технологиялық жабдықтың жөндеушісі (мақта және тінті дақылдарын алғашқы өңдеу)	3-4

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7431 Мақтаны түсіру жөніндегі маман
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	44-шығарылым, 13-тарау. Мақта өндіру
БТБА бойынша кәсібі	Мақта түсіру жөніндегі маман
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3

2-кесте. Мақтаны түсіру жөніндегі маманның еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мақта шаруашылығы қызметіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Цехтегі жұмыс, аллергия, шаң	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындық бағдарламалары бойынша білімді ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

3-кесте. Мақтаны түсіру жөніндегі маман орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Өңделмеген мақтаны түсіру және ағармаған мақтаны қолмен және гидромониторлдың көмегімен бір уақытта сұрыптап, одан әрі өңдеу үшін оны тасымалдағышқа жіберу
2	Сыртқы түрі бойынша мақтаның ағартылуының сапасын анықтау; ағартылмаған мақтаны қайтадан өңдеу үшін арнайы күбіге салу
3	Тасымалдағышқа қызмет көрсету, күбіні тазалау

4-кесте. Мақтаны түсіру жөніндегі маман орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Өңделмеген мақта	Тасымалдағыш, қол еңбегі	1-1) Түсіру; одан әрі өңдеу үшін тасымалдағышқа жіберу
2	Мақта	Гидромонитор	2-1) Қолмен және гидромонитордың көмегімен сұрыптау, қайтадан өңдеу үшін арнайы күбіге салу
3	Күбі	Өңдеуге арналған күбі, тазалаушы құралдар	3-1) күбілерді тазалау

5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі мақтаны түсіру жөніндегі маманның құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Мақтаны түсіру кезінде белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдану білігі	Кәсіби дайындық кезінде алынған білім
2-1)	Өзінің денсаулығы мен қауіпсіздігі және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілік	Мақтаны түсіру кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларын білу
3-1)	Мақта шаруашылығы саласында міндеттерді орындау кезінде қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Күбіні тазалау кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы қағидаларын білу

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 3-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7431 Шикізат пен талшықты баспақтаушы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	43-шығарылым, 2-тарау. Мақта мен тінті дақылдарын алғашқы өңдеу
БТБА бойынша кәсібі	Шикізат пен талшықты баспақтаушы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3-5
4	6

2-кесте. Шикізат пен талшықты баспақтаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мақта шаруашылығы қызметіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Цехтегі жұмыс, аллергия, шаң	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (білімді ұйымдастыру базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	2 деңгейде 1 жылдан кем емес
4	Жоғарғы деңгейлі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе	3 деңгейде тәжірибесі 3 жылдан кем емес

3-кесте. Шикізат пен талшықты баспақтаушы еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Баспақтаудың алдында гидравликалық тегістегіш құралмен мақта талшықтарын немесе линтті немесе улюкті алдын ала тығыздау; біліктілігі жоғарырақ баспақшының басшылығымен мақта және тінті талшықтарын, мақта линттерін, талшықты қалдықтарды және арпабастарды, сондай-ақ қол станоктарында тінті шикізатты габариті белгіленген бумаларға және теңдерге және механикалық баспақтарда көлемдерге баспақтау
2	Орауыш материалдарды дайындау және беру; орауышты баспаққа салу; бумаларды тығыздау, оларды стандарт талаптарына сәйкес байлау және таңбалау, баспақтардан түсіру, бумаларды алу; бумаларды өлшеу және тасымалдағышқа салумен немесе қатарлап қоюмен белгіленген орынға тасымалдау
3	Таразылардың, баспақтардың, олардың жетектерінің, бақылау құралдыраның жарамды екенін тексеру; баспақ пен конденсорды, бумаларды түпқоймаға орнату механизмдерінің, түпқоймаларды жиектеу механизмдерінің жұмысындағы техникалық ақаулықтарды жою

4-кесте. Шикізат пен талшықты баспақтаушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Өңделмеген мақта	Қол станогы	1-1) Баспақтау алдында тығыздау
			1-2) Мақта және тінті талшықты, мақталы линтті баспақтау
2	Баспақталған мақта	Тасымалдағыш	2-1) Орауыш материалдарын дайындау және беру; орауыштарды баспаққа салу
3	Өндірістегі жабдық	Қол еңбегі, ақауларды жоюға арналған арнайы құрал-жабдықтар	3-1) Жабдықтарды тексеру, жабдықтардағы техникалық ақаулықтарды жою

5-кесте.
СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі шикізат пен талшықты баспақтаушының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Шикізат пен талшықты баспақтау кезінде белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдану білігі	Кәсіби дайындық кезінде алынған білім
1-2)	Мақта шаруашылығы саласында міндеттерді орындау кезінде өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Мақтаны баспақтау кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары

6-кесте.
СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі шикізат пен талшықтының баспақтаушы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Шикізат пен талшықты баспақтау кезінде белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдану білігі	Кәсіби дайындық кезінде алынған білім
1-2)	Мақта шаруашылығы саласында міндеттерді орындау кезінде өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Мақтаны баспақтау кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары
1-3)	Жұмысты жоспарлауды қосқандағы атқарушылық қызметті түсіну	Белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік, техника жұмысының сенімділігіне қойылатын жоғары талаптар	Жұмыс құралдары мен бөлшектерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету, көшіру, сақтау және қаттап тастаудың негізгі қағидаттары

7-кесте.
СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі шикізат пен талшықтының баспақтаушы құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
2-1)	Белгіленген нәтижелерге өздігімен қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды, уақытты бағалау және анықтау бойынша қызметтік міндеттер аясындағы жауапкершілік	Стандартты практикалық міндеттерді орындау білігі	Кәсіби дайындық барысында алынған және белгілі ауыл шаруашылық саласындағы білім
3-2)	Жұмысты жоспарлауды қосқандағы атқарушылық қызметті түсіну	Еңбек барысын және оның нәтижесін дербес жоспарлау, орындау және бағалау аясындағы дағдылар	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары
3-2)	Мақта шаруашылығы саласында міндеттерді орындау кезінде өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Мақтаны баспақтау кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Жұмыс құралдары мен бөлшектерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету, көшіру, сақтау және қаттап тастаудың негізгі қағидаттары
3-3)	Оған жүктелген міндеттерді шешу бойынша деңгейде шешім қабылдайды және жауапты болады	Белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік, техника жұмысының сенімділігіне қойылатын жоғары талаптар	Жұмыс құралдары мен бөлшектерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету, көшіру, сақтау және қаттап тастаудың негізгі қағидаттары

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 4-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8269 Шикізатты тиеуші
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	43-шығарылым, 2-тарау. Мақта мен тінті дақылдарын алғашқы өңдеу
БТБА бойынша кәсібі	Шикізатты тиеуші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3-4

2-кесте. Шикізатты тиеушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мақта шаруашылығы қызметіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар.	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Цехтегі жұмыс, аллергия, шаң	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	2 деңгейде 1 жылдан кем емес

3-кесте. Шикізатты тиеуші орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Өңделмеген мақтаны алдын ала қопсытып, және ластанған мақта мен бөгде заттарды алып тастап артықтар камераларынан қолмен пневмокөлікке немесе тасымалдағышқа салу
2	Құбырлардың, тасымалдағыштар мен коректендіргіш бункерлердің бітеліп қалуын жою
3	Құбырларды, тасымалдағыштарды, қоректендіргіш бункерлерді, сепараторларды және басқа жабдықтарды профилактикалық тазалау бойынша жұмысқа қатысу

4-кесте. Шикізатты тиеуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Өңделмеген мақта	Қопсыту агрегаттары	1-1) Өңделмеген мақтаны алдын ала қопсытып, және ластанған мақта мен бөгде заттарды алып тастап артықтар камераларынан қолмен пневмокөлікке немесе тасымалдағышқа салу
2	Құбыр, тасымалдағыш пен қоректендіргіш бункер және т.б.	Тазарту жебесі	2-1) Құбырлардың, тасымалдағыштар мен қоректендіргіш бункерлердің бітеліп қалуын жою
3	Құбыр, тасымалдағыш пен қоректендіргіш бункер және т.б.	Тазарту жабдығы	3-1) Құбырларды, тасымалдағыштарды, қоректендіргіш бункерлерді, сепараторларды және басқа жабдықтарды профилактикалық тазалау бойынша жұмысқа қатысу

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі шикізатты тиеушінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Шикізатты тасымалдағышқа тиеу кезінде белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдану білігі	Кәсіби дайындық кезінде алынған білім
2-1)	Мақта шаруашылығы саласында міндеттерді орындау кезінде өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Шикізатты тиеу кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі шикізатты тиеушінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
2-2)	Белгіленген нәтижелерге өздігімен қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды, уақытты бағалау және анықтау бойынша қызметтік міндеттер аясындағы жауапкершілік, жұмысты жоспарлауды қосқандағы атқарушылық қызметті түсіну	Стандартты практикалық міндеттерді орындау білігі, еңбек барысын және оның нәтижесін дербес жоспарлау, орындау және бағалау аясындағы дағдылар	Кәсіби дайындық барысында алынған және белгілі ауыл шаруашылық саласындағы білім, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 5-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7431 Шикізат пен талшықты сұрыптаушы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	43-шығарылым, 2-тарау. Мақта мен тінті дақылдарын алғашқы өңдеу
БТБА бойынша кәсібі	Шикізат пен талшықты сұрыптаушы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3-5

2-кесте. Шикізат пен талшықты сұрыптаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мақта шаруашылығы қызметіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар.	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Цехтегі жұмыс, аллергия, шаң	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	2 деңгейде 1 жылдан кем емес

3-кесте. Шикізат пен талшықты сұрыптаушы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Стандартты үлгілер мен эталондарға сәйкес органолептикалық әдіспен нөмірін, сұрыпын анықтаумен сапалық белгілері бойынша шикізаттың баулары мен қысқа талшықтарын сұрыптау және таңбалау; ылғалдылығы, ластануы жоғары және бүлінген бауларды лақтырып тастау
2	Өңделмеген тұтамдарды іріктеу және талшықтан бөгде талшықты емес қоспаларды алып тастау; құрамында арбапас көп талшықтың тұтамдарын іріктеу және оларды қайтадан өңдеу үшін қайтару; шикізатты және талшықты белгіленген жерге тасымалдау
3	Қысқа талшықты өндіру бойынша тасқынды желіде орналастырылған талшық бөлуші және дымқылдатушы машиналардың, пневмокөліктік құрылғының және басқа жабдықтың жұмысын бақылау; қызмет көрсетілетін машиналар мен құрылғылардың шырмауларын, бітелулерін жоюға қатысу

4-кесте. Шикізат пен талшықты сұрыптаушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Шикізат, талшық	Таңбалау құралдары	1-1) Шикізаттың баулары мен қысқа талшықтарын сұрыптау және таңбалау
2	Талшықтың тұтамдары	Мамандандырылған жабдықтар, талшықтың тұтамдарын тасымалдауға арналған машиналар	2-1) Өңделмеген тұтамдарды іріктеу және талшықтан бөгде талшықты емес қоспаларды алып тастау, талшықтың тұтамдарын іріктеу және оларды қайтадан өңдеу үшін қайтару, шикізатты және талшықты белгіленген жерге тасымалдау
3	Талшық	Талшық бөлуші және дымқылдатушы машиналар	3-1) Жабдықтардың жұмысын бақылау
			3-2) Машиналар мен құрылғылардың шырмауларын, бітелулерін жоюға қатысу

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі шикізат пен талшықты сұрыптаушының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Шикізат пен талшықты сұрыптау кезінде белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдану білігі	Кәсіби дайындық кезінде алынған білім
2-1)	Мақта шаруашылығы саласында міндеттерді орындау кезінде өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Шикізат пен талшықты сұрыптау кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі шикізат пен талшықты сұрыптаушының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
3-1)	Белгіленген нәтижелерге өздігімен қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды, уақытты бағалау және анықтау бойынша қызметтік міндеттер аясындағы жауапкершілік	Стандартты практикалық міндеттерді орындау білігі	Кәсіби дайындық барысында алынған және белгілі ауыл шаруашы-лық саласындағы білім
3-2)	Жұмысты жоспарлауды қосқандағы атқарушылық қызметті түсіну	Еңбек барысын және оның нәтижесін дербес жоспарлау, орындау және бағалау аясындағы дағдылар	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 6-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7222 Құрал-жабдықты тазалаушы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	43-шығарылым, 2-тарау. Мақта мен тінті дақылдарын алғашқы өңдеу
БТБА бойынша кәсібі	Құрал-жабдықты тазалаушы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3

2-кесте. Құрал-жабдықты тазалаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мақта шаруашылығы қызметіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар.	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Цехтегі жұмыс, аллергия, шаң	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	2 деңгейде 1 жылдан кем емес

3-кесте. Құрал-жабдықты тазалаушы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Кептіру-тазалау цехін шаң мен қалдықтардан тазарту
2	Өндірістің қалдықтарын және технологиялық жабдықтар мен көлік құралдарынан шығатын шаңды жинау; жинау бункерлерін босату, қалдықтарды одан әрі өңдеуге тапсыру; қалдықтарды қарау және олардан жарамды талшықтарды таңдау
3	Қалдықтарды белгіленген жерге тасымалдау

4-кесте. Құрал-жабдықты тазалаушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Кептіру-тазалау цехі	Тазалау үшін құралдар	1-1) Кептіру-тазалау цехін шаң мен қалдықтардан тазарту
2	Қалдықтар, шаң	Жинау мен тазалау үшін құралдар, көлік	2-1) Өндірістің қалдықтарын және технологиялық жабдықтар мен көлік құралдарынан шығатын шаңды жинау
3	Қалдықтар, шаң	Көлік	3-1) қалдықтарды белгіленген жерге тасымалдау

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі құрал-жабдықты тазалаушының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Мақта шаруашылығы саласындағы белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдану білігі	Кәсіби дайындық кезінде алынған білім
2-1)	Белгілі міндеттерді орындау кезінде өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Кептіргіш-тазалау цехінде жұмыс істеу кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі құрал-жабдықты тазалаушының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Мақта шаруашылығы саласындағы белгілі міндеттер шеңберінде жұмыстың нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдану білігі	Кәсіби дайындық кезінде алынған білім
2-1)	Белгілі міндеттерді орындау кезінде өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Кептіргіш-тазалау цехінде жұмыс істеу кезінде әрекет жасау әдістерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары
2-2)	Жұмысты жоспарлауды қосқандағы атқарушылық қызметті түсіну	Еңбек барысын және оның нәтижесін дербес жоспарлау, орындау және бағалау аясындағы дағдылар	Негізгі және қарапайым құралдарды, құрал-жабдықты, жұмыс үдерістерінің процедуралары

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 7-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8269 Линтерлік жабдықтың операторы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	43-шығарылым, 2-тарау. Мақта мен тінті дақылдарын алғашқы өңдеу
БТБА бойынша кәсібі	Линтерлік жабдықтың операторы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	4-5

2-кесте. Линтерлік жабдықтың операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мақта шаруашылығы қызметіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Цехтегі жұмыс, аллергия, шаң	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

3-кесте. Линтерлік жабдықтың операторы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Белгіленген режимде линтерлерде тұқымдарды линтерлеу процесін жүргізу; линтерлік және онымен байланыстағы технологиялық және қосалқы жабдықтардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету
2	Линтерлердің жұмысын реттеу; қызмет көрсетілетін машиналар мен мезанизмдердің жұмысында ақаулықтарды жою; линтерлерді жөндеуге және аралардың цилиндрлерін ауыстыруға қатысу
3	Аралар мен масақты торларды тазалау

4-кесте. Линтерлік жабдықтың операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Тұқымдар	Линтерлік жабдық	1-1) Белгіленген режимде линтерлерде тұқымдарды линтерлеу процесін жүргізу
2	Линтерлік жабдық	Қол еңбегі, тазалауға арналған жабдықтар	2-1) Линтерлердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету
3	Ара мен масақты торлар	Тазалауға арналған жабдықтар	3-1) аралар мен масақты торларды тазалау

5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі линтерлік жабдықтың операторының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Белгіленген нәтижелерге өздігімен қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды, уақытты бағалау және анықтау бойынша қызметтік міндеттер аясындағы жауапкершілік	Стандартты практикалық міндеттерді орындау білігі	Кәсіби дайындық барысында алынған және белгілі ауыл шаруашылық саласындағы білім
2-1)	Жұмысты жоспарлауды қосқандағы линтерлік жабдықтың операторы атқарушылық қызметін түсіну	Еңбек барысын және оның нәтижесін дербес жоспарлау, орындау және бағалау аясындағы дағдылар	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары

Мақта өсіру қызметіндегі кәсіби стандартының 8-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8261 Джин жабдығының операторы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	43-шығарылым, 2-тарау. Мақта мен тінті дақылдарын алғашқы өңдеу
БТБА бойынша кәсібі	Джин жабдығының операторы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	4-5

2-кесте. Джин жабдығының операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мақта шаруашылығы қызметіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар.	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Цехтегі жұмыс, аллергия, шаң	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйым-дастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

3-кесте. Джин жабдығының операторы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
